

«МИРАС» КОЛЛЕДЖІ» МЕКЕМЕСІ



Ереже колледждің
Педагогикалық Кеңесінде қаралды
Хаттама № 1 28.08.2019 ж.

Бекітемін
«Мирас» колледжі»
мекемесінің директоры
Абуева Н.К.



ОҚУ-ТӘРБИЕ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Шымкент 2019

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Колледждің оқу-тәрбие комиссиясы (ОТК) жоғары білікті мамандарды тәрбиелеуде оқытушылар ұжымына практикалық көмек көрсету мақсатында құрылады.
- 1.2. Құрамына ОТК құрамына студенттер белсенділері, оқу озаттары, топ жетекшілері, бөлім меңгерушілері, директордың оқу және тәрбие ісі бойынша орынбасарлары.
- 1.3. ОТК төрағасы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болып табылады.
- 1.4. Оқу-тәрбие комиссиясы осы Ережеге сәйкес колледждің жұмыс жоспарына сүйене отырып жұмыс істейді.
- 1.5. ОТК отырыстары семестрде бір реттен кем емес өткізіледі және хаттамамен ресімделеді. Шешімдер көпшілік дауыспен қабылданады.
- 1.6. ОТК отырыстарына тартылған актив қатыса алады.
- 1.7. ОТК өзінің ағымдағы жұмысын колледж топ басшыларының кеңесі арқылы құрады.

2. Оқу-тәрбие комиссиясының міндеттері

Оқу-тәрбие комиссиясы мынадай функцияларды орындайды:

- ❖ білім алушылардың үлгерімін, білім сапасын жақсарту мәселелерін шешеді.
 - ❖ топтар, бөлімдер бойынша білім алушылардың үлгерімін жан-жақты талдауға, оқу пәнінің жағдайын талдауға қатысады.
 - ❖ оқуға, қоғамдық жұмысқа адал көзқарасты қалыптастыру бойынша оқу топтарының жұмысына жәрдемдеседі
 - ❖ оқуда өзара көмек топтарын ұйымдастыруға ықпал етеді, олардың қызметін бағыттайды және бақылайды.
 - ❖ оқу жоспарын орындау барысын бақылауды ұйымдастыруда оқу бөліміне, оқытушыларға көмек көрсетеді.
 - ❖ үздік оқу топтарының, оқу озаттарының озық тәжірибесін зерделейді және таратады.
 - ❖ білім алушылардың өзіндік сабақтарын ұйымдастыруға қатысады және оқытушыларға қосымша сабақ өткізуге көмек көрсетеді.
 - ❖ Ғылыми конференция күндерін, пәндік апталарды, шығармашылық жұмыстардың көрмелерін, пікірталастарды, конференцияларды ұйымдастыруға қатысады.
- ОТК оқытушыларға кәсіби бағдар беру жұмыстарына көмек көрсетеді.

Осы мақсатта ОТК:

- ❖ жалпы білім беретін мектептермен байланыс орнатады, өз колледжін, қалыптасқан дәстүрлер мен перспективаларды кеңінен насихаттайды.
- ❖ оқытушылармен бірге Ашық есік күндерін өткізуге қатысады.

ОТК болашақ мамандардың практикалық дайындығының сапасын арттыруға ықпал етеді, білім алушылардың таңдаған мамандығына деген қызығушылығын тәрбиелеуге ықпал етеді.

Осы мақсатта ОТК:

- ❖ білім алушылардың колледж түлектерімен кездесуі.
- ❖ озық кәсіпорындарға экскурсия.
- ❖ мамандық бойынша конкурстар, арнайы лекториялар, семинарлар ұйымдастырады.

3. ОТК мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

3.1. ОТК мүшелерінің құқығы:

- ❖ оқушылардың үлгерімі мен оқу тәртібіне, оқу-тәрбие жұмысын жетілдіруге, оқу және технологиялық тәжірибені ұйымдастыруға қатысты мәселелерді талқылауға қатысу.
- ❖ мамандарды даярлау сапасы мәселелерін зерделеу кезінде оқу бөлімінде бар қажетті мәліметтерді пайдалану.
- ❖ педагогикалық кеңестің, кураторлардың әдістемелік бірлестігінің қарауында колледждегі оқу - тәрбие процесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.
- ❖ оқу-тәрбие қызметінде ерекше көзге түскен топтардың білім алушыларын көтермелеу туралы ұсыныстар енгізуге;
- ❖ өз отырыстарында оқудағы үлгермеген білім алушыларды тыңдау.
- ❖ оқушылардың ата-аналарымен байланыста болу.

3.2. ОТК мүшелері міндетті:

- ❖ оқуға жауапты қарым-қатынастың үлгісі болу.
- ❖ ОТК отырыстарына үнемі қатысу және оның барлық тапсырмаларын орындау.
- ❖ оқу-тәрбие комиссиясы өткізетін барлық іс-шараларды дайындауға және өткізуге қатысу.